**Бұйрық №70**

**10.09.2023ж**

**Көсембай негізгі мектебі**

**Мектептік психологиялық-педагогикалық**
**қолдау қызметін құру туралы**

«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығын жүзеге асыру мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі төмендегі құрамда құрылсын:
   1) Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің төрайымы –Елгондина Дина
   2) Педагог-психолог –Шутенова Рима
   3) Әлеуметтік педагог – Сисенов Медет

2. 2023-2024 оқу жылында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамы осы құрамда бекітілсін.

3. Мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшылығына директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары М.Желдибаева тағайындалсын.

4. Мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшысына:
   1) Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру процесін ұйымдастыру және бақылау;
   2) ППҚ қызметінің жұмыс жоспарын әзірлеу;
   3) Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын жасауға, қолдап отырудың нәтижелерін, даму динамикасын, білім алушылардың жетістіктерін талқылауға қатысу;
   4) Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ДОІЖО М.Желдибаеваға жүктелсін.

**Мектеп директоры:** **Д.Елгондина**

**КЕЛІСЕМІН:**

**Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары:** **Желдибаева М.**

**Педагог-психолог:** **Шутенова Р.**

**Әлеуметтік педагог :** **Сисенов М.**

**Бұйрық № 58**

**01.09.2023ж** **Көсембай ауылы**

**Көсембай негізгі мектебі**

**Ерекше білім беруді қажет ететін**
**білім алушыларға психологиялық-педагогикалық**
**қолдау көрсету туралы**

«Ақтөбе облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысын негізге ала отырып

**БҰЙЫРАМЫН**

1. « Ақтөбе облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің 2023 жылғы 09 маусым №25691 қорытындысына сәйкес 8 сынып оқушысы Даулетов Данабекке жеке оқу жоспары және жеке оқу бағдарламасымен оқытылсын.
2. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың сапалы білім алуын бақылау, басқару күшейтілсін, сабақтардың жүргізілуін қадағалау тікелей директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Желдибаева Марфуга Бактыгулкызына жүктелсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**Мектеп директоры:** **Д.М.Елгондина**

**Бекітемін:**

**Мектеп директоры: Д.М. Елгондина**

**Көсембай негізгі мектебінің 2023-2024 оқу жылына арналған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жылдық жоспары**

| № | Тақырыптар | Мерзімі | Жауапты адам |
|---|---|---|---|
| 1 | ЕББҚ бар оқушымен және оның отбасымен,ПМПК корытындысымен танысу | Қыркүйек | ОІЖО М. Желдибаева Сынып жетекші М. Елемесова |
| 2 | ЕББҚ бар оқушы мен жұмыс тобын құру | Қыркүйек | Мектеп директоры Д. Елгондина |
| 3 | Оқушының негізгі пәндер бойынша оқу жетістіктерін критералды бағалауын анықтау | Жыл бойы | Пән мұғалімдері |
| 4 | ЕББҚ бар оқушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін терең зерттеу:<br>- Психологиялық бақылау;<br>- Арнайы педагогикалық бақылау;<br>- Әлеуметтік педагогикалық бақылау. | Жыл бойы | Мамандар |
| 5 | 1) Оқушылардың оқу қиындықтарын және олардың себептерін ұжымдық талқылау;<br>2) Оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларын құру | Қараша | Пән мұғалімдері, мамандар |
| 6 | Біліктілікті арттыру курстары мен семинарларға қатысу | Жыл бойы | Мұғалімдер |
| 7 | Дасс сауалнамасы ( корқыныш,стресс,депрессия денгейін анықтау) | Қазан | Педагог-психолог Р. Шутенова |
| 8 | Социометрия әдістемесі ( Топтағы қарым-қатынасын анықтау) | Қараша | Педагог-психолог Р. Шутенова |
| 9 | Түзету-дамыту жұмыстары (ойын жаттығулары) | Желтоқсан-қаңтар | Педагог-психолог Р. Шутенова |
| 10 | Жасалған жұмыстарға есеп | Мамыр | Мамандар есебі |

**Бекітемін:**

**Мектеп директоры: Д.М. Елгондина**

**Көсембай негізгі мектебінің 2023-2024 оқу жылына арналған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырысының жоспары**

| № | Іс шаралар | Орындау мерзімі | Жауапты адам |
|---|---|---|---|
| 1 | - Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту (ППҚҚ құру туралы бұйрық, ППҚҚ жұмысының жоспары);<br>- Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ПМПК қорытындыларымен танысу және ПМПК қорытындысына сәйкес жеке оқу жоспарларын бекіту;<br>Жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларының мазмұнын қарастыру; | Қыркүйек | Мектеп директоры<br>Педагог-психолог<br>Әлеуметтік педагог<br>Сынып жетекші |
| 2 | - ЕББҚ бар білім алушыларға БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын саралау;<br>- Бірінші жартыжылдық бойынша ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың даму динамикасына мониторинг жасау, негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін бағалау;<br>Екінші жартыжылдыққа жеке оқу бағдарламаларын бекіту; | Желтоқсан | Мектеп директоры<br>Педагог-психолог<br>Әлеуметтік педагог<br>Сынып жетекші<br>Пән мұғалімдері |
| 3 | - Екінші жарты жылдық бойынша ерекше білім беру қажет ететін білім алушылардың даму динамикасына мониторинг жасау, негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін бағалау;<br>-Ағымдағы оқу жылы бойынша ЕББҚ бар білім алушылардың даму динамикасын бағалау;<br>-Оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін бағалау;<br>ППҚҚ жылдық жұмысын қорытындылау | Мамыр | Мектеп директоры<br>Педагог-психолог<br>Әлеуметтік педагог<br>Сынып жетекші<br>Пән мұғалімдері |

Бекітемін:

Мектеп директоры: Д.М. Елгондина

**Көсембай негізгі мектебінің 2023-2024 оқу жылына арналған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі туралы ережелер**

1. **Жалпы ережелер**

1.1.Осы ережелер Көсембай негізгі мектебінде білім беретін негізгі мектебіндегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (әрі қарай қолдау қызметі) жұмысын реттейді.

1.2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі оқу-тәрбиелеу үдерісінің барлық қатысушыларына көрсетілетін көмек пен қолдаудың ерекше түрі болып табылады. Ол әрбір баланы мүмкіндіктері мен қажеттілігіне сәйкес табысты оқыту мен дамытуға арналған әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайларды құратын мамандардың бір тұтас, жүйелі түрде ұйымдастырылған әрекетін білдіреді.

1.3. Қолдау қызмет әрекеті:

1) оқушылардың дамудағы ауытқушылықтарын (анықталған сәттен бастап) женуге арналған психологиялық-педагогикалық көмекті ерте көрсетуге;
2) оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды білім беру үдеріс жағдайындағы балалар мен жасөспірімдерді тиімді дамытумен, әлеуметтендіру, денсаулықтарын сақтау және нығайтумен, құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асыруға;
3) балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағымды жағдайларды құруды есепке ала отырып, білім беру ұйымының дамыту бағдарламасын әзірлеуге және жүзеге асыруға көмектесуге;
4) педагогтардың, тәрбиеленушілердің, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін (психологиялық мәдениеттілікті) артыруға;
5) оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу, түзете дамыту жұмысының нәтижелерін мониторингілеуді (психологиялық мониторинг) жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

**1.4. Мектептік құрылымның бір бөлімі болып табылатын психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әр түрлі білім беру деңгейлерінде жүзеге асыратын міндеттері:**

1) негізгі мектеп – оқушының негізгі мектепке көшуде қолдау, оқытудың жаңа талаптарына бейімделу, жеке тұлғалық және құндылықты-мағыналық өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту міндеттерін шешуде қолдау, жеке тұлғалық мәселелері мен әлеуметтендіру мәселелерін шешуде, өмірлік дағдыларын қалыптасыруда көмектесу, неврозды алдын ала емдеуде, ата-анасымен және құрдастарымен құрылымды қатынасты құрастыруда көмектесу;

1.5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі қағидалары:

1) баланың қандай да бір даму мәселесін шешуде кешенді, пәнаралық тәсілдеме;
2) білім беру үдерісіндегі баланың дамуын қолдаудың үзіліссіздігі;
3) қолдау үдерісін ақпараттық-әдістемелік қамсыздандыру;
4) қолдау әрекетін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық жобалау (болжау);

мүмкіндіктергі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша шараларға ата-аналарды, педагогикалық және балалар ұжымын белсенді қатыстыру

**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты мен міндеттері**

3.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты білім алушыларды табысты оқыту мен әлеуметтендіру, оларды барынша дамытуға жағдай туғызуға бағытталған ағарту, диагностикалық және түзету шараларының кешенін жүзеге асыру жолымен білім беру үдерісінің барлық қатысушыларын психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруға тарту болып табылады

3.2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің міндеттері:

- білім алушының құқығы мен жеке бас қызығушылықтарын қорғау, олардың оқуы мен психологиялық және дене тұрғысынан дамуын қауіпсіз жағдаймен қамтамасыз ету, психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік мәселелерді шешуде көмектесу және қолдау;
- баланың дамуы мен оқуында туындауы мүмкін мәселелердің алдын алу үшін баланың даму ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін кешенді түрде диагностикалау;

**4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі бағыттары**

4.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі бағыттары:

- психологиялық-әлеуметтік диагностика – білім алушылардың бастапқы мүмкіндіктерін, жеке ерекшеліктерін және жеке басының бейімділігін, оқу және тәрбиелеу үдерісіндегі әлеуетті мүмкіндігін, сондай-ақ оқушылардың дамуындағы ауытқушылықтарды, оқудағы, әлеуметтік бейімделудегі қиындықтардың себептерін, мүмкін болатын және іс жүзіндегі әлеуметтік қатер тобын анықтау бойынша зерттеулер жүргізу;

**5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттамасы**

5.1. Көсембай негізгі мектебінің білім беретін негізгі мектебінің директоры бекіткен, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жылдық жұмыс жоспары.

5.2. Көсембай негізгі мектебінде білім беретін негізгі мектебінің директоры бекіткен, қолдау мамандарының жұмыс кестесі.

5.3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырысының жылдық жұмыс жоспары мен хаттамалары.

**6. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының жауапкершіліктері**

6.1. Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының ҚР заңнамасымен бекітілген тәртіпте төменде берілгендерге қатысты жауапкершіліктері:

- мектебінің ішкі еңбек тәртіп ережелерін және жарғысын, Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшысының бұйрығын және басқа да жергілікті нормативтік актілерді, лауазымдық міндеттемелерді орынды себепсіз орындамау немесе толық және дұрыс орындамау;
- түзету сабақтары уақытындағы балалардың өмірі мен денсаулығы;
- баланы тексеру барысында өзінің құзыреттілігінің аясында негізделмеген тұжырымдама жасау, осының себебінен баланың дене және психикалық денсаулығының нашарлауы;
- баланың құқығы мен жеке бастық еркіндігін сақтау;
- тексеру кезінде алынған мәліметтердің құпиялылығы;
- құжаттаманы жүргізу және оны сақтау;
- еңбек тәртібін, өндірістік санитарияны және өрттен қауіпсіздік ережелерін сақтау.

**Көсембай негізгі мектебі**
**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 1-отырысының**
**хаттамасы**

Көсембай ауылы 01.09.2023ж
**Өткізілген орны:** химия кабинеті
**Қатысқандар:**

**Күн тәртібінде:**

- Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту (ППҚҚ құру туралы бұйрық, ППҚҚ жұмысының жоспары);
-
- Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ПМПК қорытындыларымен танысу және ПМПК қорытындысына сәйкес жеке оқу жоспарларын бекіту;
-

Жеке және бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларының мазмұнын қарастыру;

**Тыңдалды:**

Күн тәртібінде қарастырылған бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Д.М. Елгондина сөз алды. 2023-2024 оқу жылындағы мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамын таныстырып, ППҚҚ жылдық жұмыс жоспарын бекітті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы Д.М. Елгондина ақпарат берді. Мектептегі ерекше білім беруді қажет ететін оқушының ПМПК қорытындылары мен ұсыныстарымен таныстырды. 2023-2024 оқу жылында мектебімізде 1 оқушы жеке оқу бағдарламасымен оқытылады. Жеке оқу бағдарламасымен оқитын оқушы:

8 сынып оқушысы – Даулетов Данабек Асқарұлы

Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша арнайы педагог М. Желдибаева толық ақпарат берді. Жоғарыда аталған оқушыға жеке бағдарламаларын құрастыру алгоритміне тоқталды. Терең педагогикалық диагностика нәтижесіне сәйкес бірінші және екінші жартыжылдыққа жеке оқу бағдарламалары құрастырылып (үлгілері берілді), арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлері қолданылатындығы айтылды. Дене шынықтыру, көркем еңбек, АКТ пәндері жалпы білім беру бағдарламаларымен оқытылады.

**Ұсыныс:**

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту;
2. 8 сынып оқушысына жеке оқу жоспарларын бекіту;
3. ПМПК қорытындысына сәйкес жеке бағдарламасын құрастыру және жүзеге асыру;
4. ЕББҚ бар оқушылардың құжаттары үлгілерге сәйкес рәсімдеу

5. **Шешім:**

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттары бекітілсін;
2. 8 сынып оқушысына жеке оқу жоспарлары бекітілсін;
3. ПМПК қорытындысына сәйкес жеке бағдарламалары құрастырылып, жүзеге асырылсын;
4. ЕББҚ бар оқушылардың құжаттары үлгілерге сәйкес рәсімделсін;

**Төрайымы:** **Д.М. Елгондина**

**Хатшы:** **М.Б. Желдибаева**

**Көсембай негізгі мектебі**
**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 2-отырысының хаттамасы**

Көсембай ауылы 29.12.2023ж
**Өткізілген орны:** химия кабинеті
**Қатысқандар:**

**Күн тәртібінде:**

- ЕББҚ бар білім алушыларға БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын саралау;

- Бірінші жартыжылдық бойынша ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың даму динамикасына мониторинг жасау, негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін бағалау;

Екінші жартыжылдыққа жеке оқу бағдарламаларын бекіту;

**Тыңдалды:**
Мектеп директоры Д.М. Елгондина бүгінгі психологиялық-педагогикалық қолдау орталығы отырысының күн тәртібімен таныстырып өтті.
Ш. Дарибаева - Данабекке қазақ тілі мен әдебиетінен сабақты жеке бағдарлама арқылы өткіземін.БЖБ,ТЖБ –ны жеңілдетілген түрде құрастырамын. Бұл оқушы көмекті көп қажет етеді.
Е.Нургалиев –Мен Данабекке алгебра және геометриядан сабақ беремін. Сабақты меңгеруі өте нашар. Қазір айтқанды,қазір ұмытып қалады. БЖБ;ТЖБ тапсырмаларын орындау кезінде өзім қасында отырып,жеке түсіндіріп отырып орындатамын. Себебі өз бетімен орындай алмайды.
Екінші мәселе бойынша мектеп психологы Р. Шутенова айтып өтті. Данабекке осы оқу жылында мынадай жұмыстар жүргізілді. Дасс сауалнамасы ( қорқыныш,стресс,депрессия деңгейнің анықтау) Социометрия әдістемесі ( Топтағы қарым-қатынасын анықтау)
Түзету-дамыту жұмыстары (ойын жаттығулары) Орындалған жұмыстары жинақталып, папкаға салынды.
Екінші жарты жылдықта жеке бағдарлама бойынша оқыту керектігі бірауыздан келісті.

**Ұсыныс:**

- ЕББҚ бар білім алушыларға БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын саралау;

- Бірінші жартыжылдық бойынша ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың даму динамикасына мониторинг жасау, негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін бағалау;

-Екінші жартыжылдыққа жеке оқу бағдарламаларын бекіту;

**Шешім:**

- ЕББҚ бар білім алушыларға БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын саралансын;

- Бірінші жартыжылдық бойынша ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың даму динамикасына мониторинг жасалсын, негізгі пәндер бойынша оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін бағалансын;

-Екінші жартыжылдыққа жеке оқу бағдарламаларын бекітілсін

**Төрайымы:** **Д.М. Елгондина**

**Хатшы:** **М.Б. Желдибаева**

**Хаттама №1**

2023 жылдың қыркүйек айының 10-ы күні Көсембай негізгі мектебінде психологиялық -педагогикалық қолдау қызметі отырысы өткізілді.

**Қатысқаны-22**

**Қатыспағаны:-0**

**Күн тәртібінде:**

- Ерекше білімді қажет ететін оқушының оқу бағдарламасын даярлау;

**Тыңдалды**

Мектеп директоры: Д. М. Елгондина күн тәртібінің жүру барысымен таныстырып өтті. Мектебімізде "Детский церебральный паролич левостороний пеминариз F 70" диагнозымен оқып отырған оқушы бар. Ол оқушы 2023-2024 оқу жылында 8 сыныпта оқиды.Осы оқушының оқу жылындағы оқу бағдарламаларын жасап алу керек.

Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы және «Ақтөбе облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің №25691. 08.06.2023 жылғы берілген дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысымен 05.11.2008 жылы туған 8-класс оқушысы Даулетов Данабек ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша жеке бағдарламамен оқыту ұйымдастырылады.

**Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Ш. Қ. Дарибаева** – Ерекше білімді қажет ететін оқушы Дәулетов Данабек биыл 8- сыныпта отыр. Осы оқушыны 8 сыныптың оқу бағдарламасын басшылыққа ала отырып, жеңілдетілген түрде жасап алынса.

Басқа пән мұғалімдері бір ауыздан жеңілдетілген бағдарлама жасауға келісті.

**Сынып жетекшісі: М.А.Елемесова** – Данабек арнайы бағдарламамен оқытылғандықтан негізгі пәндерді таңдап алынса,өйткені шет тілі және дүниежүзі тарихы,химия пәндері қиын болғандықтан,сол пәндерді меңгеру қиын болып тұр.

**Қаулы етеді:**

-8-сынып оқушысы Дәулетов Данабек 2023-2024 оқу жылында жеңілдетілген жеке бағдарламамен оқытылсын.

- Қазақ тілі мен әдебиеті,математика, қазақстан тарихы,биология,орыс тілі,география,информатика,дене шынықтыру,көркем еңбек пәндерінен жеңілдетілген күнтізбелік жоспары,күнделікті жоспарлары құрылсын.
- Шет тілі,дүниежүзі тарихы,химия пәндерінің оқу бағдарламалары сәйкес келмегендіктен,осы сабақтар кезінде психологпен жұмыстар жүргізілсін.
- Оқушының жұмыстары пән мұғалімдерінде жинақталсын.

Төрайымы: Д.М. Елгондина

Хатшы: Ш.Е. Азанова

**Психологиялық- педагогикалық қолдау көрсету**
**Хаттама №2**

**Күні: 15.09.2023 ж.**

**Қатысуға тиіс:10**
**Қатысқаны:10**

**Күн тәртібінде:**
**1.Ерекше білімді қажет ететін оқушы Дәулетов Данабекке сабақ беретін пән мұғалімдеріне 40% айлық үстемақы төленуі туралы.**
**Мектеп директоры:Елгондина Д. М:**

Ойыл ауданынан келген қатынас қағазына сәйкес,Ойыл ауданының білім бөлімі ережесінің 21,2 тармағын негізге ала отырып, Ойыл аудандық білім бөлімі 2023-2024 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасының 27 шілде 2007 жылғы №319 Заңының 6 бабының 3 тармағы 8 бабы 6 тармағы және «Облыстық ПМПК» КММ қорытындылары ұсынымы ,ДКК (ВКК) қорытындысы негізінде мүмкіндігі шектеулі оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеріп ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 ж 12 қаңтардағы №6 бұйрығына қосымша Білім беру ұйымдарындағы психологиялық–педагогикалық қолдап отыру қағидаларын негізге ала отырып жүйелі ұйымдастырылсын.

Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне,қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен бекітілген 4-қосымша:

Білім беру саласындағы азаматтық қызметшілерге ,мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне ,қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар

**Оқу ісінің орынбасары Желдибаева М.Б:**

Былтырғы оқу жылында 7 мұғалімге 40% төленген болатын.Биылғы оқу жылынан бастап ол оқушыға жеке бағдарлама құрылу керек.Сондықтан әрбір қысқа мерзімді сабақ жоспарына бейімделген тапсырмаларды кіріктіреміз.

Білім беру ұйымдарында оқитын ерекше білім беру қажеттіліктері бар;

«Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес.Көрсетілген қосымша ақыны белгілеу тәртібі мен шарттарын білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

**Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Габдуллин А.Б :**Данабек дене шынықтыру пәнінен жаттығу жұмыстары мен тапсырмаларды шамасының жеткенінше жақсы орындайды.

**Қаулы:**

**1.Ерекше білімді қажет ететін оқушы Дәулетов Данабекке сабақ беретін пән мұғалімдеріне 40% айлық үстемақы төленсін және бейімделген бағдарлама жасалсын.**

1. Дарибаева Шара Кайыржановна Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
2. Нургалиев Есмухан Арманович Математика
3.Аблаев Нурымжан Олжабаевич Жаратылыстану
4.Елгондина Дина Майлыгалиевна Көркем еңбек
5.Габдуллин Амандык Бокенбаевич Дене шынықтыру
6.Абдиганиева Нурия Кабылбаевна Биология
7.Дарибаев Урумбасар Аскарович Информатика
8. Даулетова Жұмагүл Маратқызы Тарих

Төрайымы: Д.М.Елгондина
Хатшы: Азанова Ш.Е.